

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау
(6D0101700- Қазақ тілі мен әдебиеті) мамандығы бойынша
диссертациялық кеңестің жұмысы туралы**

ЕСЕБІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2022 жылы 4 отырысы өткізілді (01.01.2022-31.12.2022).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

2. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. *Бекеева Нұрайша Жусуповна*, Абай атындағы ҚазҰПУ.
2. *Найманбаев Алмас Абдиманатович*, Абай атындағы ҚазҰПУ.

3. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Бекеева Нұрайша Жусуповнаның диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі».

Мамандық: 6D0101700- Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Оразбаевва Ф.Ш., университет профессоры, доктор Четин Пекаджар

Қорғау 2022 жылдың 29 қыркүйегінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- *Бірінші нәтиженің жаңалығы студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын жетілдіруге арналған кәсіби-іскери тілдік тұлға деңгейіне сай ғылыми-әдістемелік жүйе жасалған;*

- *Екінші нәтиженің жаңалығы кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда қолданылатын тілдесімдік тақырыптар мен сөйлеу тапсырмаларының жағдаяттық-қатысымдық бағдары әлемдік деңгейде сынақтан өткен материалдар негізінде анықталған;*

- *Үшінші нәтиженің жаңалығы* тілді оқытуда кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде Абайдың «толық адам» концептісі және Конфуцийдің «ізгілікті кісі» ілімдері бойынша және ұлттық құндылықтар мен фразеологиялық тіркестерді іскерлік дискурстағы қолданымдылығы негізінде *рухани бай кәсіби тұлға* моделі жасалған;

- *Төртінші нәтиженің жаңалығы* қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде жаңа заманға лайықталған онлайн оқыту және офлайн оқытуда қолданылатын *интерактивті желілік технология* жаңа әмбебап технология ұсынылған.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Зерттеудің негізгі идеясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес ҚР Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы № 746 қаулысы «Білімді ұлт» сапалы білім» беру ұлттық жобасы бойынша білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру міндеттеріне, ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Қазақ тілін оқытуда студенттің кәсіби-тілдік қатысымдық құзіреттілігі, іскерлігі, белсенділігі, сыни көзқарас қалыптастыруы, шығармашылығының негізгі факторы – оның сұранысын қанағаттандыратын оқу-танымдық уәждемесі, өзіндік саналы шешімі мен сенімін қалыптасырып, дамыту үшін қазақ тілі саласындағы болашақ мамандарды даярлаудың оқу процесінде пайдалануға ұсынылуы мүмкін.

Найманбаев Алмас Абдиманоповичтің диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі»

Мамандық: 6D0101700- Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор Әбдіғазизұлы Б., философия докторы PhD Мехмет Акиф Созер

Қорғау 2022 жылдың 10 қарашасында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- қазақ повестеріндегі мифтік сарындардың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалған;

- мифтік сарындарды оқытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері анықталған;

- қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауда пайдалану үшін «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып, әзірленген;

- мифтік сарындарды оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдердің түрлері ұсынылған;

- тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастырушы, бақылау кезеңдері жүргізіген. Алынған нәтижелердің маңыздылығы тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, жалпыланып, нақтыланған.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр. «Білімді ұлт» сапалы білім беру" ұлттық жобасы. Бұл жолдар ЖОО-да педагогтарды даярлаудың тұрақты дамуына септігін тигізетін бағдар ретінде қарастырылды.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Жоғары мектептің филология факультеті студенттеріне қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту болашақ маманды жан-жақты дамытуға, білімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, ұлттық құндылықтар мен асыл мұраларды бағалауға үйретеді, сол арқылы олардың интеллектуалдық әлеуеті дамиды. Зерттеу жұмысы барысында әзірленген «Қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» курсының оқу-әдістемелік кешені мен бағдарламасы болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлауда, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болатындығынан тұрады.

4.Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша республикадағы жетекші мамандар тағайындалды. Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық

және практикалық негізділігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

1. *Бекеева Нұрайа Жусуповнаның* диссертациясы бойынша:

Сатбекова Айгуль Амантаевна – п.ғ.д., профессор, Қыздар Ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы қ., Қазақстан);

Карбозова Бұлбұл Дәулетханқызы – PhD., аға оқытушы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан);

2. *Найманбаев Алмастың* диссертациясы бойынша:

Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері

Әрінова Бақыт Айтуқызы- педагогикағылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

5. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісіне ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды.

- бітіртуші кафедралар (университет бойынша және өзге де ЖОО бойынша) докторантура курсы аяқтаған докторанттардың жұмыстарын аяқтап, диссертациялық кеңес жұмысына ұсынуға ықпал жасау мәселесі ұсыныс ретінде ескерілді.

6. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны: «6D011700/8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша диссертациялық кеңеске 2022 жыл бойынша 2 жұмыс түсті. Аталған 2 жұмыста жоғары дәрежеде қорғап, ғылыми-педагогикалық өндіріске жол тартты.

	6D0101700- Қазақ тілі мен әдебиеті
Қорғауға қабылданған диссертациялар	2
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	

